

Бекітемін:

«Алтын Самұрық» бөбекжай  
балабақшасының меңгерушісі

Э.С.Мырсейтова



# Ертеңгілік

**Тақырыбы: «Ана-асыл қазынам»**

Тобы: «Ақбота» тобы  
«Қызғалдақ» тобы

Тәрбиеші: Сыздық Шолпан  
Аманкелді Кенже

2024-2025

## «Ана-асыл қазынам»

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Қымбатты қонақтар, сүйікті аналар, әжелер, ұстаздар бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын! Мерекелік ертеңгілімізді тамашалауға шақырамыз.

Анам менің сүйіктім  
Тек өзіңе табынам.  
Қасымда жүрсең биікпін,  
Алыстасаң сағынам.

Мәпелейді, әлдилейді, бағады.  
«Құлыным» деп құшағына алады  
Өзгеге де, өзіне де жауапты  
Барлығына қалай уақыт табады?!

Айналайын анашым  
Аялайсың, бағасын  
Сен үшін балалармен  
Ән шырқайық бәріміз

**Ән:** «Құттықтаймын Мама» (Балзабаева Мәриям, Шеремат Хадиша)  
«Ақбота» тобы.

**Тәрбиеші:**  
Анаң болса қасында  
Басқа бақыт не керек  
Аналардың жүрегі  
Мейірімді ғой керемет.

Мен анамды сүйемін,  
Құшағына енемін.  
Мәпелеген анамды,  
Қуантсам деп келемін.

**Би:** «Қамажсай» биі  
(Е.Дана, Б.Айлин, Ш.Хадиша, О.Мәриям, А.Мәрим, С.Айкөркем) «Ақбота»  
тобы.

**Тәрбиеші:** Қарты бар үйдің, қазынасы деп бекер айтпаған. Қазыналы әжелерімізді құттықтай отырып, әнімізді қабыл алыңыздар.

*Тәрбиеші:* Құтты болсын осы шаттық күніңіз,  
Бақыттыда ұзақ өмір сүріңіз,  
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,  
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.  
Көңілді әуенмен балалар дайындаған гүлдерін аналарға ұсынады.  
Құрметті аналар, осымен өздеріңізге арналған ертеңгілігіміз аяқталды.  
Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүре беріңіздер

**Ән:** «Әжетайым,әжетайым» (Қ.Әлнұр,Ө.Нұриман) «Ақбота» тобы.

**Тәрбиеші:**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген апатайым  
Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамымен құттықтаймын.

**Би:** «Өзбек» биі

(С.Шейхислам,А.Имран,Ж.Нұрислам,Н.МұхаммедАюб,Қ.Мансұр,Б.Мұхеммедюсуф,Д.Нұрислам) «Қызғалдақ» тобы.

**Тәрбиеші:** Жыл басы наурыз мереке.

Ақ нұрға әлем боянды,  
Аналар тойы береке  
Тіршілік жаңа оянды.  
Ақ сүт беріп өсірген,  
«Ботам» деген дауысы  
Кетпес ешбір есімнен.  
Құрметті асыл аналар, ақ жаулықты әжелер, біздің кішкентай бүлдіршіндер  
сіздерді 8-наурыз аналар мерекесімен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ өмір  
тілей отырып өздерінің тақпақтарын, әндерін, билерін сыйға тартады. Біздің  
балалардың тілектерін қабыл алыңыздар.

**Тақпақтар**

**Жантөре:**

Ақ сүтінен нәр алған,  
Ақ сүтінен жаралған  
Анаға бас иеміз

**Айлин:**

Жүзімізге қараңыз,  
Бал күлкілі баламыз..  
Бізге қымбат күншуақ,  
Бізге қымбат анамыз.

**Аңсар:**

Үн қатасың бал тілмен,  
Еркелеймін әр күн мен.  
Құттықтаймын анашым,  
Сегізінші наурызбен

**Абылай:**

Аялаған анамыз,  
Саялаған панамыз.  
Шынары боп өсеміз.  
Шырағы боп жанамыз.

**Ө.Нұрман:**

Әжетайым, әжетай,  
Сізді жақсы көреміз.  
Сізге өлең тақпақты,  
Жатқа айтып береміз.

**Бибі Айша**

Мені жақсы көреді,  
Күндей күліп келеді.  
Көп ертегі біледі,  
Маған айтып береді.

**Аянат**

Ақ анашым, аппағым.  
Өзін жайлы тақпағым.  
Өзін жайлы әнім де,  
Арнадым саған бәрінде.

**Аяла**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген апатайым.  
Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамын мен құттықтаймын

**Қ.Раяна**

Жұмақ – құшақ панам,  
Күндей нұрлы санаң!  
Қызығын көр ұл – қыз,  
Еңбек сүйгіш Анам!

**Әлнұр**

Келді көктем күннің,  
Күлімдейді гүлің –

Алтын ойлы Анам  
Мерекеніз бүгін!

**Марлен**

Біз доспыз гүлдермен  
Текке оны жұлмаймыз  
Той күні бір бірден  
Аналарға сыйлаймыз.

**Мұстафа**

Мені жақсы көреді,  
Күндей күліп келеді.  
Көп ертегі біледі,  
Маған айтып береді.

**А.Мәрим**

Ақ анашым, аппағым.  
Өзін жайлы тақпағым.  
Өзін жайлы әнім де,  
Арнадым саған бәрінде.

**Дана**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген апатайым.  
Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамын мен құттықтаймын

**Айкөркем**

Жұмақ – құшақ панам,  
Күндей нұрлы санаң!  
Қызығын көр ұл – қыз,  
Еңбек сүйгіш Анам!

**Хадиша**

Келді көктем күннің,  
Күлімдейді гүлің –  
Алтын ойлы Анам  
Мерекеніз бүгін!

**Тәрбиеші:** - Ал балалар!

Ойнайық та күлейік.  
Кәне енді бұрылып  
Би билеуге тұрайық

*Ұлдардарымыздың «Алаш Ұлдары» биін тамашалаңыздар.*

*(Ө.Нұрман,Ш.Абылай,К.Аңсар,М.Мұстафа,Қ.Әлнұр,Ж.Жантөре,С.Хабиб,Б.Айбар.)*

**Тәрбиеші:**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген апатайым.  
Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамын мен құттықтаймын  
*Келесі кезекті балдардың дайындаған хорына кезек береміз.  
«Ана деп ән саламын» («Қызғалдақ» тобы, «Ақбота» тобы.)*

**Тәрбиеші:** Жыл басы наурыз мереке.

Ақ нұрға әлем боянды,  
Аналар тойы береке  
Тіршілік жаңа оянды.  
Ақ сүт беріп өсірген,  
«Ботам» деген дауысы  
Кетпес ешбір есімнен.  
*Ұлдардарымыздың «Жүрек» биін тамашалаңыздар.  
(А.Омар,М.Абылай,О.Ерасыл,Б.Алихан,И.Рамазан.) «Қызғалдақ» тобы.*

**Тақпақтар:**

**Ерасыл**

Тәттілерін сақтайды,  
Немереме берем деп.  
Мен тілеймін әркашан,  
Әжем аман болсын деп

**Раяна**

Мәпелеп мені өсірген  
Ризамын мен өзіңе.  
Ана деген керемет,  
Сыйлап өтем өмірде.

**Салиха**

Аялаған анашым,  
Мәпелеген анашым.  
Менің саған тілегім  
Қартаймашы анашым

**Мансұр**

Теңдесі жоқ данасың  
Арқа сүйер панасың

Еңбегінді ақтаймын  
Аман болшы анашым

### **Имран**

Менің әжем, бұл әже  
Айтқан сөзі дәл әжем  
Аман болса көреді  
Қызығымды әлі әже

### **Айбике**

Бәріңіз де анасын  
Біз үшін күн боп жансың  
Құтты болсын мейрамың  
Құттықтаймын анашым

### **Фарангиз**

Ақ сүт берген балаңа  
Күш - жігерін жұмсаған  
Бұл өмірде жан ана  
Тең келеді кім саған

### **Медина**

Еркелеттің асырадың  
Мойыныңа асыламын  
Аман болшы ардақты анам  
Мен әрқашан қасындамын.

### **Юсуф**

Аспандағы айымсың  
Бақытыма балаған  
Құтты болсын мерекен  
Айналайын жан анам.

### **Хадиша**

Ақ жаулықты әжемді  
Ай жүзіне теңедім  
Мейірімін таусылмас  
Күн нұрына теңедім.

### **Алихан**

Менің әжем, гүл әжем  
Алтын әжем, күн әжем  
Анам үшін мен үшін  
Нағыз ана тілі әжем.

**Тәрбиеші:**

Әлпештеген аялаған  
Ақ сүт берген апатайым.

Сәлем жазып бүгін саған  
Мейрамын мен құттықтаймын

*Келесі кезекті қыздарымыздың биіне береміз. «Құлпынай биі» (Е.Бибі Айша, Б.Мәриям, Т.Аянат, Қ.Раяна Ш.Аяла) «Ақбота» тобы.*

**Тәрбиеші:**

Мейірімді сымбатты,  
Қадірменді қымбатты,  
Ең жақын жан балаға,  
Кім десендер ол-АНА.

*Би: «Қызғалдақ биі» (С.Айбике, М.Салиха, А.Умида, Б.Хадиша, А.Фарангиз,) «Қызғалдақ» тобы.*

**Тәрбиеші:** Құтты болсын ақ анам,

Сегізінші Наурызың!

Қасымда бол әрқашан

Жансын жарық жұлдызың,

Тілейді бақыт бір саған

Әлпештеген ұл-қызың!

Би: «Флешмоб»

*(Ө.Нұрман, С.Марлен, Б.Алихан, А.Алихан, А.Розумухаммед, А.Шыңғали, Х.Нұрахмет, Ж.Мирас) «Ақбота» тобы.*

**Тәрбиеші:**

Еркелетсе «Күнім» дейді,

Ұрысқаны білінбейді,

Маңдайымнан иіскеп мені,

«Құлыншағым», «Күнім» дейді.

*Ән: «Қуыршағым» Ержанқызы Бибі Айша, Тұрғанбаева Аянат «Ақбота» тобы.*

Би: «Көңілді қуыршақтар»

*(А.Раяна, Ш.Медина, Ж.Айша, Қ.Айша, С.Гүлзира,) «Қызғалдақ» тобы.*

**Тәрбиеші:** Құтты болсын осы шаттық күніңіз,  
Бақыттыда ұзақ өмір сүріңіз,  
Қуанышты жүзіңізбен әрдайым,  
Бұл өмірде күліп қана жүріңіз.  
Көңілді әуенмен балалар дайындаған гүлдерін аналарға ұсынады.  
Құрметті аналар, осымен өздеріңізге арналған ертеңгілігіміз аяқталды.  
Әрдайым көктем гүліндей жайнап жүре беріңіздер







